

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы « 18 » қарашадағы  
№ 706 қаулысына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 1500 қаулысымен  
бекітілген

**Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары,  
мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери  
немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп  
жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан  
бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін  
тағайындау және оларды жүзеге асыру  
қағидалары**

Осы Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 70-бабына сәйкес әзірленді және әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) зейнетақы төлемдері – еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетақылар, 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі;

2) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері – әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға Заңға сәйкес берілетін ақшалай төлем;

3) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

4) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдар – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар, «Қазпошта» акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

5) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдары.

## 2. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау тәртібі

2. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі – Қарулы Күштерде, әскери прокуратура органдарында қызмет өткерген әскери қызметшілерге;

2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі – ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте қызмет өткерген әскери қызметшілер мен қызметкерлерге;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті – ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет өткерген әскери қызметшілер мен қызметкерлерге;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде қызмет өткерген әскери қызметшілер мен қызметкерлерге;

5) Қазақстан Республикасының «Сырбар» сыртқы барлау қызметі – «Сырбар» сыртқы барлау қызметінде қызмет өткерген әскери қызметшілер мен қызметкерлерге;

6) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы – прокуратура органдарында қызмет өткерген қызметкерлерге (әскери прокуратура органдарын қоспағанда);

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті – экономикалық тергеп-тексеру қызметінде қызмет өткерген қызметкерлерге.

3. Арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындауды осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар соңғы қызмет орны бойынша жүзеге асырады.

4. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, алғаш қызметке 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін орналасқан және 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін жұмыстан босатылған, қызметтен шығарылған күнге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау шарттары бар адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар соңғы қызмет орны бойынша жүзеге асырады.

5. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органдар (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік органдар) осы Қағидаларды нақтылау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың қызмет өткергенін және жұмыстан босатылған күнгі ақшалай қамтылымның мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесін айқындайды. Құжаттарды қабылдауды уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде ведомстволар немесе аумақтық органдар (бұдан әрі – бөлімшелер) жүзеге асырады.

6. Уәкілетті мемлекеттік органдар осы Қағидаларды нақтылау жөніндегі нұсқаулықты өз қызметінің ерекшелігін ескере отырып қабылдайды.

7. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін өтініш берген адам мынадай құжаттар мен олардың көшірмелерін қоса бере отырып, тұрғылықты жеріндегі бөлімшеге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді:

1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты);

2) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы не ауыл әкімдерінің анықтамасы);

3) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шотының не қылмыстық-атқару мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының нөмірі туралы мәліметтер;

4) 3 x 4 см мөлшеріндегі фотосуреттер (2 дана);

5) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылары үшін жеке зейнетақы шотынан әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызының есептен шығарылғаны туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша растау-анықтама.

Құжаттардың көшірмелері «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен куәландырылған жағдайлардан басқа, құжаттардың көшірмелерін ұсынылған түпнұсқаларымен салыстырғаннан кейін бөлімшенің лауазымды адамы куәландыруға тиіс.

8. Бөлімше осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдай отырып және осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес айқындалатын тізбеге сәйкес құжаттарды талап ете отырып, оларды келіп түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға жібереді.

9. Уәкілетті мемлекеттік органдар барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде зейнетақы ісін қалыптастырады, Заңға сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүргізеді, тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылатын куәлікті береді.

10. Өтініш иесіне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тартылған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдар он жұмыс күні ішінде бас тарту себептері туралы хатпен құжаттарды бөлімшеге қайтарады, ол үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабардар етеді.

### 3. Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

11. Уәкілетті мемлекеттік органдар Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламаны қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 1-ИУ, 1-ВС нысандары бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға арналған үзінділерді бір данада береді.

12. Заңда көзделген жыл сайынғы арттыруға, айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты зейнетақы төлемдерінің

мөлшері өзгерген жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламаны қоса бере отырып, осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес 1-ВС-арттыру, 1-ВС/1-арттыру нысандары бойынша зейнетақы төлемдерінің жаңа мөлшері туралы үзінділерді дайындайды және Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына бір данада жолдайды.

Қызмет өтілінің, ақшалай қамтылым мөлшерінің өзгеруіне байланысты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері өзгерген жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламаны қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 1-ИУ, 1-ВС нысандары бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің жаңа мөлшері туралы үзінділерді дайындайды.

Алушының тегі, аты немесе әкесінің аты (бар болса), банк шотының нөмірі, туған күні, тұрғылықты жері өзгерген жағдайда, алушы бөлімшеге тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен бірге осы өзгерістер туралы өтініш береді.

Жаңа деректемелері бар үзіндіні уәкілетті мемлекеттік орган Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жолдайды.

13. Келіп түскен үзінділер Мемлекеттік корпорацияның филиалдарында осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үзінділерді тіркеу журналында тіркеледі және Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жолданады.

14. Мемлекеттік корпорацияның филиалдары үзінділер келіп түскен кезде оларды осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үзінділерді тіркеу журналында тіркейді және орталық атқарушы органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорында (бұдан әрі – ОДҚ) алушылар карточкаларын қалыптастырады және карточкаға тиісті деректерді не олар бойынша өзгерістерді енгізеді.

15. Алушылар бойынша енгізілген және қолда бар деректер негізінде Мемлекеттік корпорация зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін бюджет қаражатына қажеттілікті қалыптастырып, оны төлем айы алдындағы айдың 25-і күніне қарай Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) береді.

16. Министрлік тиісті кезеңге арналған төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспары шегінде зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін қажетті бюджет қаражаты туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жолдайды.

17. Мемлекеттік корпорация бюджет қаражатын алысымен зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ олардан ұстап қалуды жүзеге асыруға арналған төлем тапсырмаларын қалыптастырады.

18. Мемлекеттік корпорация төлемдерді:

1) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шоттарына есептеу;

2) «Қазпошта» акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы алушыларға үйлеріне жеткізіп беру арқылы жүргізеді.

19. Төлемдерді үйге жеткізіп беру алушылардың мынадай санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына;

2) сексен жасқа толған адамдарға;

3) бірінші топтағы мүгедектерге;

4) бөгде адамның күтіміне мұқтаж және денсаулық жағдайы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар адамдарға;

5) пошта байланысының бөлімшелері (пункттері) болмаған жағдайда ауылдық жерде тұратын адамдарға жүргізіледі.

20. Зейнетақы төлемдерін беру зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шоттарына есептелген сомалар шегінде, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес 7Д нысанындағы тізім-ведомость бойынша жүргізіледі.

21. 7Д нысанындағы тізім-ведомость екі данада басып шығарылады және зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым мен Мемлекеттік корпорация филиалының қолтаңбасымен және мөрімен расталады және олардың әрқайсысында бір-бір данадан сақталады.

#### 4. Интернаттық және мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелердегі адамдарға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру

22. Мемлекеттік корпорация медициналық-әлеуметтік мекемелерден (ұйымдардан) не орталық атқарушы органның ақпараттық жүйесінен медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін және (немесе) 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін алушының түсуі немесе шығуы туралы ақпарат түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны уәкілетті мемлекеттік органға жолдайды.

Уәкілетті мемлекеттік органдар Мемлекеттік корпорациядан аталған ақпарат түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) алушы медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) түскен (шыққан) айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тоқтату (жаңғырту) туралы;

2) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін Заңның 68-бабының 5-тармағында белгіленген көлемде бекіту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті мемлекеттік органдар шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде медициналық-әлеуметтік мекемеде (ұйымда) стационар жағдайында тұратын тұлғалардың жеке ісінен үзіндіні осы Қағидаларға 8-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Мемлекеттік корпорация үзінділер түскен кезде алушының карточкасына тиісті өзгерістерді енгізеді. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің тағайындалған мөлшерінің 70 пайызын аудару медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) жекелеген банктік шотына немесе қолма-қол ақшаның бақылау шотына жүргізіледі.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Заңның 68-бабының 5-тармағында белгіленген еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің көлемі тиісті ұстап қалулардан кейін айқындалады. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің сомасын есептеу Заңның 68-бабының 5-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

## 5. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру

23. Зейнетақы төлемдерін алушылар бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда аталған төлемдердің сомаларын Мемлекеттік корпорация сотталғандар жазасын өтеп жүрген қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің арнайы шотына аударады.

24. Сотталған адам зейнетақы төлемдері оған қай уақыт аралығында жүргізілгенін көрсете отырып, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігіне жазбаша өтініш жасайды.

Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі өзі орналасқан жердегі тиісті бөлімшеге хатпен өтініш жасайды, онда сотталған адамның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), оның бұрынғы тұрғылықты мекенжайын, оған зейнетақы төлемдері қай кезеңге төленгенін, сондай-ақ жазасын өтеу мерзімдері мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің деректемелерін көрсетеді.

25. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі бөлімшелер қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінен хабарлама алысымен бұрынғы тұрғылықты жері бойынша (ол сотталғанға дейінгі) бөлімшеден сотталған адамның зейнетақы ісін сұратады.

Зейнетақы төлемдерін алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша уәкілетті мемлекеттік орган Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 1-Б/ВС нысаны бойынша оларды төлеуді тоқтатуға хабарлама береді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің орналасқан жері бойынша уәкілетті мемлекеттік орган зейнетақы ісін алысымен оны есепке қояды және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 1-ИУ нысаны бойынша зейнетақы ісінен үзіндіні Мемлекеттік корпорацияның филиалына жолдайды.

26. Мемлекеттік корпорацияның филиалы 1-ИУ нысаны бойынша үзіндінің негізінде тағайындалған зейнетақы төлемдерін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің арнайы шотына аудару үшін ОДҚ-да өзгерістер жүргізеді.

6. Тұрғылықты жері өзгерген кезде азаматтарға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру

27. Қазақстанның басқа өңіріне не Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде зейнетақы төлемдері алушының тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарылған айы аралығында жүзеге асырылады.

Уәкілетті мемлекеттік орган не оның бөлімшесі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кетушінің зейнетақы ісін басқа елдердің уәкілетті органдарының сұратуы бойынша он жұмыс күні ішінде жолдайды.

28. Алушыны төлемнен алуды уәкілетті мемлекеттік орган не оның бөлімшесі ұсынатын осы Қағидаларға 9 және 10-қосымшаларға сәйкес 1-Б/ВС, 1-Б/ВС/2 нысандары бойынша хабарламалар негізінде Мемлекеттік корпорацияның филиалы жүргізеді, бұл туралы ОДҚ-да тиісті белгі жасалады.

29. Қазақстанның басқа өңірінен көшіп келуіне байланысты алушы жаңа тұрғылықты жері бойынша тіркелген кезде Мемлекеттік корпорацияның филиалы алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша төлем жүргізілген айдан кейінгі айдан бастап зейнетақы төлемдерін жүзеге асырады.

30. Шетелдікке және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының аумағында оның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі ішінде жүргізіледі.

Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін зейнетақы төлемдері тоқтатыла тұрады, ал құжаттың қолданылу мерзімі ұзартылған кезде тоқтатылған зейнетақы төлемдері тоқтатылған күннен бастап қайта төленеді.

7. Мемлекеттік корпорациядан қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлемді (өтемақыны) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау және төлеу тәртібі

31. Жерлеуге арналған біржолғы төлем (өтемақы) мен отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау үшін қайтыс болған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша бөлімшеге осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және көшірмелерімен бірге мынадай құжаттар ұсынылады:

1) жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжат не заңды тұлғаны (заңды тұлғалар үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (куәлік) немесе жерлеуді жүзеге асырған жеке кәсіпкердің патенті (жеке тұлғалар үшін);



2) қайтыс болғаны туралы куәлік;

3) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Бұдан басқа, қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау үшін:

біржолғы жәрдемақы алуға құқығы бар адамдардың жеке басын куәландыратын құжат;

осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 18-ден 23 жасқа дейінгі балалары күндізгі оқу нысанының білім алушылары болып табылатыны туралы оқу орнының анықтамасы;

қайтыс болған адаммен туыстық қатынастарын куәландыратын құжат (туу туралы, неке туралы, некені бұзу туралы, әке болуды (ана болуды) анықтау туралы куәліктер);

зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шотының нөмірі туралы мәліметтер ұсынылады.

Құжаттардың көшірмелері «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен куәландырылған жағдайлардан басқа, құжаттардың көшірмелерін ұсынылған түпнұсқалармен салыстырғаннан кейін бөлімшенің лауазымды адамы куәландыруға тиіс.

32. Қайтыс болған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушыны жерлеуге арналған біржолғы төлемнің (өтемақының) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақының мөлшерін уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

Уәкілетті мемлекеттік орган Мемлекеттік корпорацияның филиалына осы Қағидаларға 9 және 10-қосымшаларға сәйкес 1-Б/ВС, 1-Б/ВС/2 нысандары бойынша хабарламалар, қайтыс болған адамдарды жерлеуге арналған біржолғы төлемдерді (өтемақыны) және олардың отбасыларына берілетін біржолғы жәрдемақыларды төлеуге өтінімдерді жолдайды.

33. Мемлекеттік корпорацияның филиалы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлемді (өтемақыны) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақыны алушылардың тізім-ведомосын қалыптастырады.

34. Өтінімдер негізінде Мемлекеттік корпорация қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлемнің (өтемақының) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақының мөлшерін алушылардың көрсетілген шоттарына қаржыландыруды жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған шоттарға қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлемді (өтемақыны) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақыны жеке тұлғаларға аударуды жүргізеді.

Мемлекеттік корпорация заңды тұлғаларға жерлеуге арналған біржолғы төлемді (өтемақыны) олардың ағымдағы шоттарына аударуды жүргізеді.

35. Мемлекеттік корпорацияның филиалдары зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған, Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кеткен жағдайда (немесе уәкілетті органның сұратуы бойынша, басқа себептер бойынша) тоқтатылған төлемдер бойынша өткен жыл үшін айлар бойынша жүргізілген зейнетақы төлемдері туралы ОДҚ-дан берілген анықтамаларды уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынады.

36. Мемлекеттік корпорацияның филиалы жылына бір рет үзінділерді түгендеуді жүргізеді, түгендеу жүргізген кезде ОДҚ-да есепте тұрған (қолданыстағы) зейнетақы төлемдерін алушылардың тізімін басып шығарады және филиалға алушылардың сауалнама деректерінің (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты мекенжайы, зейнетақы төлемдерінің ай сайынғы мөлшері, ұстап қалудың мөлшері) дұрыс толтырылуын тексеруге береді, ол аяқталғаннан кейін акт жасалады.

---

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы « 18 » қарашадағы  
№ 706 қаулысына  
2-қосымша

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларына  
6-қосымша

1-В/Л нысаны

---

(зейнетақы төлемдерін тағайындаған мемлекеттік органның атауы)

---

(Мемлекеттік корпорация филиалының атауы)

Зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін ұсынылатын құжаттар туралы  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хабарлама

Р/с №	Зейнетақы ісінің нөмірі	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Құжат түрі
1	2	3	4

Барлығы \_\_\_\_\_ құжат қоса берілді.

Бөлімше басшысы \_\_\_\_\_

Бөлімше маманы \_\_\_\_\_

Қабылдады: \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні)

---

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы « 18 » қарашадағы  
№706 қаулысына  
3-қосымша

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларына  
7-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_ мемлекеттік корпорациясы  
(облыс, қала, аудан)

\_\_\_\_\_ **үзінділерін тіркеу**  
**(зейнетақы төлемдерінің түрі)**  
**журналы**

Р/с №	Іс №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Үзіндінің №	Тіркелген күні
----------	------	---	----------------	----------------

Мөрмен бекітілген: журналдағы парақтар саны \_\_\_\_\_  
(жазбаша)

М.О.

Мемлекеттік корпорация филиалының директоры  
(Мемлекеттік корпорация филиалының бастығы) \_\_\_\_\_

Маман \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы « 18 » қарашадағы  
№ 706 қаулысына  
4-қосымша

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларына  
8-қосымша

7Д нысаны

бойынша

(төлем түрі)

\_\_\_\_\_ (айы) үшін қолма-қол ақшамен төлеуге \_\_\_\_\_ облысы  
\_\_\_\_\_ ауданы \_\_\_\_\_ (ауылы) алушыларының  
№ \_\_\_\_\_ тізім-ведомосы

№ \_\_\_\_\_ банк филиалы

Р/с №	Алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Алушының мекенжайы	Төленуге жататын сома ағымдағы уақыт үшін	өткен уақыт үшін	төлеуге жиыны	Алушының қолы
1	2	3	4	6	7	8	9

Мемлекеттік корпорация филиалының бастығы \_\_\_\_\_ Банк филиалының басқарушысы \_\_\_\_\_

Жауапты орындаушы \_\_\_\_\_

Қаржылық бақылаушы \_\_\_\_\_

М.О. \_\_\_\_\_

М.О. \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы « 18 » қарашадағы  
№ 706 қаулысына  
5-қосымша

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларына  
12-қосымша

Оқу орнының бұрыштама мөртаңбасы,  
Берілген күні, шығыс № \_\_\_\_\_

**АНЫҚТАМА**

Азамат \_\_\_\_\_  
(білім алушының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), туған күнін көрсете отырып)

\_\_\_\_\_ (оқу орнының толық атауы)

\_\_\_\_\_ (білім беру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін лицензияның №, күнін және қолданылу мерзімін көрсету керек)

\_\_\_\_\_ оқу нысанында \_\_\_\_\_ сыныптың/курстың білім алушысы болып табылатынын растау үшін берілді.

Анықтама \_\_\_\_\_ оқу жылына жарамды.

Анықтама \_\_\_\_\_ уәкілетті мемлекеттік органға көрсету үшін берілді.

Оқу орнындағы оқу мерзімі \_\_\_\_\_ ЖЫЛ,  
оқу кезеңі \_\_\_\_\_ жылдан бастап \_\_\_\_\_ жылға дейінгі аралық.

Ескертпе: білім алушы оқу орнынан шығарылған немесе сырттай оқу нысанына ауыстырылған жағдайларда оқу орнының басшысы жәрдемақы алушының

тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның филиалын хабардар етеді.

М.О.

Оқу орнының басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы « 18 » қарашадағы  
№ 706 қаулысына  
6-қосымша

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларына  
13-қосымша

\_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ ауданының  
жерлеуге біржолғы төлем (өтемақы) алушыларының  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ үшін жерлеуге  
біржолғы төлем (өтемақы) төлеуге  
№ \_\_\_\_\_ тізім-ведомосы

Р/с №	Зейнетақы ісінің №	Қайтыс болған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)				Жерлеуді жүзеге асырған жерлеу бюросының атауы	Жерлеуге біржолғы төлем (өтемақы) сомасы	Отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақы сомасы
		Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болса)	Туған күні			

Мемлекеттік корпорация филиалының бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы « 18 » қарашадағы  
№ 706 қаулысына  
7-қосымша

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларына  
8-1-қосымша

МӘМ 1-нысаны

**Медициналық-әлеуметтік мекемеде (ұйымда) стационар жағдайында тұратын адамның зейнетақы ісінен үзінді**

Зейнетақы ісінің № \_\_\_\_\_

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Тұрғылықты мекенжайы \_\_\_\_\_

(медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) орналасқанға дейінгі)

\_\_\_\_\_ тұру кезеңінде

(медициналық-әлеуметтік мекеме (ұйым) атауы)

1. 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін төлеу \_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ бастап тоқтатыла тұрсын.

2. Зейнеткерге төленуге тиіс еңбек сіңірген жылдары үшін \_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ дейінгі кезең үшін тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ шыққан кезден бастап

(медициналық-әлеуметтік мекеме (ұйым) атауы)

\_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде белгіленсін.

(сомасы жазумен)

1. 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған \_\_\_\_\_ теңге  
(сомасы жазумен)

мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін төлеу \_\_\_ жылғы « \_\_\_ » \_\_\_ бастап қайта басталсын.

2. Зейнеткерге төленуге тиіс еңбек сіңірген жылдары үшін тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшері \_\_\_\_\_ теңге  
(сомасы жазумен)

\_\_\_ жылғы « \_\_\_ » \_\_\_ бастап белгіленсін.

Банк деректері және банк шотының нөмірі:

ЖҚО \_\_\_\_\_

Банктің БЖН \_\_\_\_\_

Шот (карт-шот) \_\_\_\_\_

(банктің атауы, орналасқан жері)

Медициналық-әлеуметтік мекеменің мекенжайы

(пошталық)

МӘМ төленуге тиіс, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері \_\_\_\_\_ теңге

(сомасы жазумен)

Қосымша төлем (артық төлем) сомасы \_\_\_\_\_ теңге

\_\_\_ жылғы « \_\_\_ » \_\_\_ бастап \_\_\_ жылғы « \_\_\_ » \_\_\_ дейінгі кезең үшін

Медициналық-әлеуметтік мекеменің БЖН

Медициналық-әлеуметтік мекемеге қызмет көрсететін банктің деректері

ЖҚО \_\_\_\_\_

Кор. шот \_\_\_\_\_

Банк БЖН \_\_\_\_\_

Қолма-қол ақшаның бақылау шоты \_\_\_\_\_

(медициналық-әлеуметтік мекеменің)

(банктің атауы, орналасқан жері)

М.О	Басқарушы	_____	_____
		(қолы)	(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
	Маман	_____	_____
		(қолы)	(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_